



VI GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA

INTERNATIONAL
SCIENTIFIC PRACTICAL
CONFERENCE



Nur-Sultan (Astana), May 9-13th 2019



*INTERNATIONAL SCIENTIFIC CONFERENCE
«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA»
NUR-SULTAN, KAZAKHSTAN, MAY 2019*

Объединение юридических лиц в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек»

**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019:
CENTRAL ASIA»**

атты VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференция
ЖИНАҒЫ

МАТЕРИАЛЫ

VI Международной научно-практической
конференции

**«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019:
CENTRAL ASIA»**

VIII ТОМ

НУР-СУЛТАН – 2019



УДК 378
ББК 74.58
G 54

Международный редакционная коллегия:

Х.Б. Маслов, Е. Ешим, Е. Абиев (Казахстан), Лю Дэмин (Китай),
Е.Л. Стычева, Т.Г. Борисов (Россия)

G 54

«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA»
атты VI Халықар. ғыл.-тәж. конф. материалдары (VIII TOM)/ Құраст.: Е. Ешим,
Е. Абиев т.б.– Нур-Султан, 2019 – 363 б.

ISBN 978-601-341-186-6

«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA» атты VI Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағына Қазақстан, Ресей, Қытай, Түркия, Белорус, Украина, Молдова, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Грузия, Монғолия жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердің қызметкерлері мен ұстаздары, магистранттары, студенттері және мектеп мұғалімдерінің баяндамалары енгізілді. Жинақтың материалдары жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелердегі қызметкерлерге, оқытушыларға, мектеп және колледж мұғалімдеріне, магистранттар мен студенттерге арналған.

VI Международная научно-практическая конференция «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA», включают доклады ученых, студентов, магистрантов и учителей школ из разных стран (Казахстан, Россия, Китай, Турция, Белорусь, Украина, Кыргызстан, Узбекистан, Таджикистан, Молдавия, Туркменистан, Грузия, Монголия). Материалы сборника будут интересны научным сотрудникам, преподавателям, учителям средних школ, колледжей, магистрантам, студентам учебных и научных учреждений.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-341-186-6

© ОЮЛ в форме ассоциации
«Общенациональное движение «Бобек», 2019

УДК 338.2:004.9



БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА

Кыздарбекова Асет Садвақасовна

ал-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Экономика және бизнес жоғары мектебі, «Есеп және аудит» кафедрасының оқытушысы,
Алматы, Қазақстан

XXI ғасырдың басы цифрлық технологиялардың серпінді дамуымен, ақпарат кеңістігіндегі революциямен және экономиканы жаһандандыру процестерін жеделдетумен сипатталады. Деректер ағынының экспоненциалды өсуін тудыратын қазіргі заманғы цифрлық технологиялар негіз болып табылатын қоғамдық құрылымдар мен қатынастардың күрделенуі цифрлық (ақпараттық) технологиялар негізгі құралы болып табылатын жаңа үлгідегі экономиканы қалыптастыру қажеттілігін бірінші кезекке қояды. Қазіргі заманғы әдебиетте «цифрлық экономика» деген ұғыммен дәл осы типтегі экономиканы белгілеу қабылданған.

Бұл ұғымды зерттеумен көптеген шетелдік ғалымдар айналысты, олардың ішінде Д. Белл, Ф. Вебер және Д. Боде, Ф. Махлуп, А. Ринс, А. Тофлер, Х. Ханамари және Д. Вада, К. Эрроу. «Цифрлық экономика» ұғымын алғаш рет 1995 жылы Массачусетс университетінің базасында американдық информатик Николас Негропonte қолданған. Алайда Николас Негропonte бұл ұғымды ғылыми анықтамасыз көп дәрежеде бейнелі өрнек ретінде, нақты анықтама бермей пайдаланды.

Дегенменде әлі күнге дейін цифрлық экономикаға нақты анықтама берілмеді. Ақпараттық қоғам саласындағы мемлекеттік саясатты қабылдау мерзіміне қарамастан, цифрлық экономиканың перспективалары қолданыстағы инфрақұрылымды, оның есептеу қуатын, коммуникация желілері мен контентін, атап айтқанда цифрлық нысандағы деректерді қоса алғанда, пайдалану есебінен жаңа экономикалық әсерлерге қол жеткізуге мүмкіндік берілді.

Қазіргі уақытта көптеген елдерде цифрландыру дамудың стратегиялық басымдығы болып табылады. Жетекші әлемдік сарапшылардың болжамына сәйкес 2020 жылға қарай әлемдік экономиканың төрттен бірі Цифрлық болады және мемлекетке, бизнес пен қоғамға тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік беретін экономиканы цифрландыру технологияларын енгізу барында ауқымды және серпінді процеске айналады.

Әлемнің 15-тен астам елі цифрландырудың ұлттық бағдарламаларын жүзеге асырады: Дания, Норвегия, Ұлыбритания, Канада, Германия, Сауд Арабиясы, Үндістан, Ресей, Қытай, Оңтүстік Корея, Малайзия, Сингапур, Австралия, Жаңа Зеландия және Қазақстан.

Қазақстанда цифрландырудың дамуы 90-жылдары үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылданғаннан, «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасы бастама алып, 2005 жылы электрондық үкіметті қалыптастыру басталды. Сондай-ақ, Қазақстанда инновациялық экожүйенің бірқатар элементтері құрылды, «Алатау» АТП, «Назарбаев Университеті» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істей бастап, Astana Hub халықаралық технопарк іске қосылды.

Қазақстан Республикасының Президентінің 31.01.2017 жылғы «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауында «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы – бұл цифрлық технологияларды қолдану есебінен елдің әрбір азаматының тұрмыс деңгейін арттыруды көздейтін маңызды кешенді бағдарлама.

Бағдарламаның негізгі мақсаттары Қазақстан Республикасының экономикасын дамытудың қарқынын арттыру және халықтың өмір сапасын жақсарту, сондай-ақ

экономиканың негізінен жаңа траекториясы – болашақтың цифрлық экономикасына өту болып табылады.

Бағдарлама 2018-2022 жылдарда іске асыру басты бес бағыт бойынша жүргізілетін болады:

1. «Экономика салаларын цифрландыру» – алға бастайтын технологияларды және еңбек өнімділігін арттырып, капиталдандырудың өсуіне бастайтын мүмкіндіктерді қолдана отырып ҚР экономикасының дәстүрлі салаларын қайту құру.
2. «Цифрлық мемлекетке өту» – қалық пен бизнеске олардың қажеттітерін алдын ала болжай отырып қызметтер көрсету үшін мемлекеттің инфрақұрылымын қайта құру.
3. «Цифрлық Жібек жолын іске асыру» – деректерді беру, сақтау және өңдеудің жоғары жылдамдықтағы және қорғалған инфрақұрылымын дамыту.
4. «Адамн капиталды дамыту» – креативтік қоғам құруды және жаңа реалиялар – білімдер экономикасына өтуді қамтитын түрлендірулер.
5. «Инновациялық экожүйені құру» – бизнес, ғылым саласы және мемлекет арасында берік байланысы бар технологиялық кәсіпкерлікті дамыту, сондай-ақ инновацияларды енгізу үшін жағдай жасау.

Осы бағыттар бойынша Қазақстан аясында, нақтырақ тоқталсақ екінші ақпанда Алматыда Н. Назарбаевтың бастамасымен ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің басшылары мен цифрлық технологиялар саласындағы қалықаралық сарапшылардың қатысуымен «Жаһандандыру дәуіріндегі цифрлық күн тәртібі» қалықаралық форумы өтті.

Форум жалпы нарық және жаһандық аумақта бәсекеге қабілеттілікті жылдам дамыту шектеріндегі ұлттық экономикалардағы цифрлық түрлендіруді іске асыру қажеттілігін айқын нақтылады.

Цифрлық дағдыларды қалыптастыру бойынша, цифрландыру еңбек нарығында жұмыс істейтін кәсіптер құрамына қойылатын өндіріс талаптарының қолданыстағы жүйесінен едәуір озады. Цифрлық экономика қалықтың жемісін пайдалануға мүмкіндік беретін цифрлық дағдылардың болуын талап етеді.

Қазіргі уақытта қалықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі 76,2% — ды құрайды-бұл жақсы көрсеткіш. Бірақ қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін оны сандық және сапалық тұрғыда ғана жақсарту қажет.

Техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту үшін индустрия мен білім беруді жақындастыру мақсатында кәсіпорындарда ЖОО-ның АКТ-кафедраларын, сондай-ақ еліміздің жоғары оқу орындары базасында құзыреттілік орталықтарын құру бойынша іс-шаралар көзделген.

Орта білімге қазіргі уақытта ҚР БҒМ бірқатар бастамаларды енгізуде. Мысалы, 3-4-сыныптарда «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізілді, ол қазіргі заманғы ақпараттық технологиялармен жұмыс істеудің жалпы базалық білімдерін оқуда және күнделікті өмірде тиімді пайдалану үшін қалыптастырады.

Техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімде БҒМ деректері бойынша үш мамандық негізінде «ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні енгізілді, ол студенттерде таңдалған мамандық шеңберінде АКТ-ны тәжірибеде пайдаланудың базалық білімін қалыптастырады.

Бүгінгі таңда Қазақстанда экономика салалары үшін АКТ-мамандарын даярлау 11 мамандық бойынша 89 жоғары оқу орнында және 5 мамандық бойынша 318 техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында жүргізілуде.

Қазіргі жағдайда білім беру саласындағы желілік өзара іс-қимылдың маңызды бағыты электрондық және қашықтықтан оқыту шеңберіндегі бірлескен қызмет болып табылады. Бұл ретте қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы желілік өзара іс-қимылды ұйымдастыру білім алушыларға әртүрлі деңгейдегі және бағыттағы білім беру бағдарламаларын меңгеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін әртүрлі білім беру ұйымдарының

ресурстарын кеңінен пайдалануды алдын ала анықтайды. Ол білім берудің шығармашылық құрамын дамытуға байланысты ерекше міндеттерді шешуге бағытталған.

Оқытудағы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың келесі педагогикалық мақсаттарын атап көрсетіледі:

1. Қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарын қолдану арқылы оқу-тәрбие процесінің барлық деңгейлерінің қарқындылығын арттыру. Басқаша айтқанда, оқыту процесінің тиімділігі мен сапасы және танымдық қызметтің белсенділігі, пәнаралық байланыстарды тереңдету, ақпарат көлемін ұлғайтуды, оны іздестіруді оңтайландыруды атап өткен жөн.

2. Оқушының тұлғасын дамыту, жеке тұлғаны қоғамның жаңа түрі жағдайында жайлы өмірге дайындау. Білім беруде АКТ қолдану арқылы ойлаудың әртүрлі түрлерін, коммуникативтік қабілеттерін дамыту жүзеге асырылады, сонымен қатар компьютерлік графиканы, мультимедиа технологиясын пайдалану есебінен эстетикалық тәрбие. Цифрлық экономиканың қалыптасу жағдайында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, үлкен ақпарат массивтерін өңдеу дағдылары мен іскерліктерін, сондай-ақ міндеттер мен жағдайларды моделдеумен байланысты құзыреттерді меңгеру маңызды болып табылады.

3. Қоғамның әлеуметтік тапсырысын орындау бойынша жұмыс. Жаңа экономикалық тәртіптің қалыптасуы кадрларға деген қажеттіліктегі өзгерістерді анықтайды. Білім беру үдерісінде АКТ-ны пайдалану ақпараттық сауатты тұлғаны, компьютерлік құралдарды пайдаланушыны дайындауға ықпал етеді.

4. Педагогикалық қызметтің ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз етілуін жетілдіру. АКТ педагогтар мен білім алушыларға ақпараттық-әдістемелік қолдау көрсетуді, сондай-ақ коммуникацияның компьютерлік құралдары, компьютерлік графика, мультимедиа технологиялары негізінде қарым-қатынас және ынталықтық мүмкіндіктерін едәуір кеңейтуге қабілетті. Цифрлық экономиканың қалыптасу жағдайында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, үлкен ақпарат массивтерін өңдеу дағдылары мен іскерліктерін, сондай-ақ міндеттер мен жағдайларды моделдеумен байланысты құзыреттерді меңгеру маңызды болып табылады.

5. Оқу ақпаратын ұсыну мүмкіндігін кеңейту. Түстерді, графиканы, дыбысты, барлық заманауи бейне техникасының құралдарын қолдану білім беру процесін жүзеге асыру кезінде нақты жағдайды қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

6. Білім алушылардың оқу үдерісіне уәждемесін арттыру. Қазіргі ұрпақ ерте жастан бастап өмірдің көптеген салаларын цифрландыру жағдайында. Әр түрлі электрондық құрылғыларды пайдалану олар үшін күнделікті. Сондықтан оқытудағы АКТ құралдарының болуы қазіргі заманғы педагогтың уақыт өте келе алға жылжып келе жатқанын көрсетеді, бұл білім алушылар үшін уәждеме болып табылады. АКТ оқушылардың қабілеттерін кеңірек ашуға, ақыл-ой қызметін белсендіруге ықпал ете отырып, оқу процесіне тартады.

7. Білім алушылардың қызметін бақылауды арттыру. АКТ оқушылардың қызметін бақылауды сапалы өзгертуге мүмкіндік береді, бұл ретте оқу үдерісін басқарудың икемділігін қамтамасыз етеді.

Осылайша, АКТ-ны оқу процесіне тартудың рөлі оқушылардың тұлғасына оң әсер етеді, сондай-ақ педагогтың жұмысы үшін қолайлы жағдай жасайды деген қорытынды жасауға болады.

Және тек білім беру процессінен бөлек, денсаулық сақтауды және инвестициялық ортаны сапалы дамытудың әсері ұзақ мерзімді перспективада байқалатын болады және дамыған елдермен әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алшақтықты қысқартуға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Primeminister.kz» ақпараттық порталы [Электронды ресурс] // Кіру режимі: <https://primeminister.kz/ru/news/all/tsifrovoy-kazahstan-reali-i-perspektivi-16155> (жолдану мерзімі 10.03.2018)
2. Бабкин А.В. Формирование цифровой экономики в России: сущность, особенности, техническая нормализация, проблемы развития [Текст] // Научно-технические ведомости Санкт-Петербургского государственного политехнического университета. Экономические науки. – 2017. №3. 9-16
3. «NewsRU» ақпараттық порталы [Электронды ресурс] // Кіру режимі: <http://www.newsru.com/russia/30jun2017/plankudrina.html> (жолдану мерзімі 11.02.2018)
4. Коняева Е.А., Коняев А.С. Дистанционные образовательные технологии в условиях сетевого взаимодействия [Текст] // Вестник учебно-методического объединения по профессионально-педагогическому образованию. 2015. № 2 (49).
5. «digitalkz.kz» ақпараттық порталы [Электронды ресурс] // Кіру режимі: <https://digitalkz.kz/ru/o-programme/>
6. Развитие информационно-образовательной среды в организациях среднего профессионального образования: Теория и практика: материалы II Международная научно-практическая конференции «Среднее профессиональное образование в информационном обществе» (г. Челябинск, 26 января 2017 года). — Челябинск: Изд-во ЧИРПО, 2017

УДК: 614.812-311.4-005.7-039.57

**ВЫЯВЛЕНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ
ПРОЦЕССА УПРАВЛЕНИЯ ПОТОКОМ ПАЦИЕНТОВ, У ПОСЕТИТЕЛЕЙ
АМБУЛАТОРНО-ПОЛИКЛИНИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ**

Тұрар Олжас Асқарұлы

Магистрант 2-го года обучения по специальности «Общественное здравоохранение»
НАО «Медицинский университет Астана»
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

На сегодняшний день общемировая практика показывает необходимость концентрирования особого внимания на развитии и совершенствовании первичной медико-санитарной помощи. Согласно статистике стран, уровень медицины которых достаточно высок, сегодня на первичном этапе разрешаются около 80% всех вопросов, касающихся здоровья, что является экономически эффективным решением [1].

Амбулаторно-поликлиническая помощь – самая широко оказываемая форма медицинской помощи, и в связи с глобальной информатизацией общества её совершенствование и модернизация являются одной из наиболее актуальных проблем в общей системе здравоохранения большинства стран мира [2-3].

Так, в 2005 году страны – члены Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) поставили задачу о необходимости создания и совершенствования электронного здравоохранения, в частности – мобильного здравоохранения. Согласно мнению экспертов, прогрессивная информатизация здравоохранения будет актуальна, т.к. информационные технологии (ИТ) способствуют улучшению качества оказываемой медицинской помощи [4].

В этой связи страны Европы уже придерживаются стратегии внедрения инноваций в области операционного менеджмента поставщиков ПМСП, с целью улучшения качества предоставляемых услуг и повышения показателей результативности системы здравоохранения в целом [5-6].

Байтемір Ә.Б. (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫНДАҒЫ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ҮШІН ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДАҒЫ ТРЕНАЖЕРЛЕРДІҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ.....	221
Гасанова Ю.Н. (Нур-Султан, Казахстан) РАЗВИТИЕ У УЧАЩИХСЯ УМЕНИЯ ОСМЫСЛЕННО ЧИТАТЬ ПРИ ИЗУЧЕНИИ УЧЕБНЫХ ДИСЦИПЛИН РАЗНОГО НАПРАВЛЕНИЯ.....	225
Шаяхметова С.М. (Нур-Султан, Казахстан) РАЗВИТИЕ ИНФОРМАЦИОННОЙ ГРАМОТНОСТИ УЧАЩИХСЯ: ПРОБЛЕМЫ И ПОДХОДЫ.....	227
Айтбаев М.Ю. УЗБЕКИСТОНДА ХАЛҚ ҚАБУЛХОНАЛАРИНИ ЯНГИ ДЕМОКРАТИК ИНСТИТУТ СИФАТИДА ШАКЛЛАНИШИ.....	229
Қимсанбаева Ш.Б. УЗБЕКИСТОНДА ДИНИЙ БАҒРИКЕНГЛИК.....	233
Маржаев З.Э. (Ташкент, Узбекистон) БАРКАМОЛ АВЛОД ТАРБИЯСИДА ИСЛОМ ҚАДРИЯТЛАРИНИНГ УРНИ.....	237
Умарова Ф.Р. ЁШЛАРИНИНГ МАЪНАВИЙ-АХЛОҚИЙ КАМОЛОТИДА ИСЛОМНИНГ УРНИ ВА РОЛИ.....	241
Қыздарбекова А.С. (Алматы қ., Қазақстан) БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКА.....	244
Тұрар О.А. (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) ВЫЯВЛЕНИЕ ФАКТОРОВ, ВЛИЯЮЩИХ НА ЭФФЕКТИВНОСТЬ ПРОЦЕССА УПРАВЛЕНИЯ ПОТОКОМ ПАЦИЕНТОВ, У ПОСЕДИТЕЛЕЙ АМБУЛАТОРНО-ПОЛИКЛИНИЧЕСКИХ ОРГАНИЗАЦИЙ.....	247
Кенеш кызы А. КЫТАЙ ТИЛИН ҮЙРӨНҮҮДӨ УГУП ТУШУНУУ БОЮНЧА ТЕКСТТЕР МЕНЕН ИШТӨӨ ӨЗГӨЧӨЛҮКТӨРҮ.....	251
Чуев М.Н., Дубинин А.А. (Алматы, Казахстан) РАСЧЕТНЫЕ И ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ МОДЕЛИ ПРОИЗВОДСТВА ТЕПЛА ИЗО ЛЬДА.....	255
Ayubayeva A.Sh. (Almaty, Kazakhstan) DEVELOP A COMPREHENSIVE FRAMEWORK TO IMPROVE THE EDUCATION SYSTEM IN KAZAKHSTAN BASED ON INFORMATION TECHNOLOGY APPROACHES.....	259
Кожакмет М.Е., Қазанқаспаева М.Қ, Ермағамбет Б.Т. (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан) ГУМИН ҚЫШҚЫЛЫ НЕГІЗІНДЕ КӨМІРТЕКТІ АДСОРБЕНТ АЛУ.....	262
Зияева Н., Акрамов Б.Ш., Адизов Б.З., Абдурахимов С.А. БОРЬБА С ОБРАЗОВАНИЕМ НЕФТЕ-ВОДЯНЫХ ЭМУЛЬСИИ НА МЕСТОРОЖДЕНИИ СЕВЕРНЫЙ ШУРТАН.....	267
Эшметов Р.Ж., Адизов Б.З., Абдурахимов С.А., Салиханова Д.С., Эшметов И.Д. ПРИМЕНЕНИЕ УЛЬТРАЗВУКОВОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ ПРИ РАЗРУШЕНИИ УСТОЙЧИВЫХ ВНЭ.....	270
Саврина Д.Д., Салиханова Д.С., Ачилдова С.С. УГОЛЬНЫХ АДСОРБЕНТОВ ИЗ МЕСТНЫХ БУРЫХ АНГРЕНСКИХ УГЛЕЙ ДЛЯ ОЧИСТКИ ДИСТИЛЛИРОВАННОГО ГЛИЦЕРИНА.....	273
Rauymov R., Kuldashева Sh., Eshmetov I., Salikhanova D., Bukhorov Sh. ADSORPTION OF BENZENE VAPORS ON THERMAL TREATED WOOD CHINAR ACTIVATED CARBON.....	275
Рузметова Д.Т., Салиханова Д.С. (Ташкент, Узбекистан) ГЛИНИСТЫХ АДСОРБЕНТОВ ДЛЯ ОЧИСТКИ ЖИРНЫХ КИСЛОТ ПОЛУЧАЕМЫХ ИЗ ХЛОПКОВОГО МАСЛА.....	277
Абдурахимов А.Х., Жумаева Д.Ж., Салиханова Д.С. (Ташкент, Узбекистан) ИССЛЕДОВАНИЯ ВОДНО-СПИРТНОГО РАСТВОРА ДЛЯ ОЧИСТКИ ОТ ПРИМЕСЕЙ.....	279
Азмедова В.А., Якубов Н.А. (Ташкент, Узбекистан) ОБРАЗ АМИРА ТЕМУРА В ИСТОРИЧЕСКОЙ ДРАМЕ.....	282
Саржан М.Б., Амвргалев Б. (Алматы, Казахстан) DEVELOPMENT OF 3 DIMENSIONAL GEO-MODELS OF SEISMIC AREAS FOR PREDICTIVE OF EARTHQUAKE CONSEQUENCES.....	286

Научное издание

VI Международная научно-практическая
конференция
«GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019:
CENTRAL ASIA»

Сборник научных статей
Ответственный редактор – Х.Б. Маслов
Технический редактор – Е. Ешим, Е. Абиев

Подписано в печать 30.03.2019.
Формат 190x270. Бумага офсетная. Печать СР
Усл. печ. л. 25 п.л. Тираж 60 экз.
Типография «Мастер ПО», 010005, Нур-Султан, ул.Пушкина, 15-76
Тел.: 8/7172/223-418 e-mail: masterpo08@mail.ru